

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылды сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 153 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі № 298 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қазанда № 9-19-140 тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 153 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9-19-132 тіркелген, 2010 жылғы 3 маусымында "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұзынкөл ауданының селолық округтер, Ұзынкөл, Троебрат, Рязский селоларының әкімдері шақыру комиссиясының отырысына әскерге шақырылушылардың келуін қамтамасыз етсін";

жоғары көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы
КЕЛІСІЛДІ:

Ұзынкөл ауданы әкімінің
Н. Болатов

"Қазақстан Республикасы
ішкі істер Министірлігі
Қостанай облысының ішкі
істер Департаменті
Ұзынкөл ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

А. Елисеев

2010 жылғы 17 қыркүйекте

"Ұзынкөл ауданының Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

О. Уразалиев

2010 жылғы 17 қыркүйекте

"Ұзынкөл аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының бас дәрігері

Қ. Ержанов

2010 жылғы 17 қыркүйекте

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің

2010 жылғы 17 қыркүйекте

№ 298 қаулысымен бекітілген

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Уразалиев Орымбайұлы	Омарғали	"Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Абиджанов Нағашыбайұлы	Азамат	"Ұзынкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, жалпы бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:		
Нұрмағамбетов Абрайұлы	Қанат	"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ішкі істер бөлімі" мекемесі, бастықтың (келісім бойынша) орынбасары
Чиканаев Шаймерденұлы	Құдайберген	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, хирург (келісім бойынша)

Кап л у н Дмитриевна	Н а т а л ь я	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, кабинетінің комиссия хатшысы бойынша)	қазыналық жасөспірімдер медбикесі, (келісім
-------------------------	---------------	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК